ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРОЦЕССІ БОЙЫНША СЫРТТАЙҒЫ ОҚУ БӨЛІМІНІҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ ЖАДЫНАМА

«Геодезия және картография колледжі» КМҚК қабылдау ережелері Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылдың «19» қаңтарында №130 Қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2007 жылдың 10 желтоқсанында №5030 тіркелген Білім және ғылым министрінің 2007 жылдың 29 қарашасында №587 бұйрығымен бекітілген. Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес әзірленген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 2008 жылдың 29 мамырында №5225 тіркелген, Білім және ғылым министрінің 2008 жылдың 21 мамырындағы №289 бұйрығымен және Қазақстан Үкіметінің 2016 жылғы 12 мамырдағы №288 Қаулысымен сай жүргізіледі.

2018 жылғы 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында сырттай бөлімге келесі мамандық бойынша қабылдау жүргізіледі:

1511000 «Жерге орналастыру»

Оқу мерзімі: 2 жыл 6 ай (ақылы негізінде).

Студенттерді қабылдау келесі пәндер бойынша (орыс тілі, математика, Қазақстан тарихы) бірыңғай ұлттық тестілеу сертификаты немесе кешенді тестілеу негізінде жүзеге асырылады.

Қабылдауға қажетті құжаттар тізімі:

1.Білім туралы құжат (түпнұсқа).

2.Мед.анықтама №86 нысан – (студенттік емханадан).

3. Егілу анықтамасы.

4. Фото 3х4 – 6 дана.

5. Флюрография.

6.Приписной куәлігі (ұлдар үшін) көшірме.

7. Скоросшиватель.

8. Жеке куәліктің көшірмесі – 4 дана.

9. Мекен - жай анықтамасы.

10. Отбасы құрамы туралы анықтама.

ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1) Сырттай оқу бөлімінің 1 курсына қабылдау туралы бұйрық.

2) Әрбір студент оқу үдерісінің кестесімен танысады.

3) Студенттерге беріледі: ақылы негізде оқыту туралы келісім (келісім мәтіні сайтта орналастырылған);

4) Бірінші емтихан сессиясының басында сынақ кітапшасы беріледі.

Төлем туралы түбіртектерді сырттай бөлім меңгерушісіне көрсету ескеруге ұсынылады.

Келісім шарттарды бұзған жағдайда сессияға қатыстырылмайды және кейіннен оқудан шығарылады.

Әрбір студент бөлімге байланыс ақпаратын беру керек-мекен-жайы, үй телефоны, ұялы телефонын, жұмыс орынының телефоны, жұмыстан анықтама әкелуі тиіс, өзгерістер болған жағдайда (жұмыс, телефон нөмірі және басқа байланыстар) студент сырттай бөлім меңгерушісіне хабарлауға міндетті.

Оқу - әдістемелік материалдарын алу

Колледж кітапханасы студенттерді оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етеді.Оқу бөлімі мен колледждің сайтында электронды кітапхана бар, ол арқылы студенттердің электрондық форматтағы оқу-әдістемелік әдебиеттерге кіру мүмкіндігі бар. Қабылдаудан кейін бөлім меңгерушісі электронды кітапханамен жұмыс істеу тәртібі туралы студенттерді хабардар етеді.

Сессияларды ұйымдастыру

Оқу жылы барысында оқу кестесіне сай зертханалық және емтихан сессиялары уақытында өткізіледі. Сессия барысында шолу дәрістері өткізіледі, курстық, зертханалық жұмыстар және тәжірибелік сабақтар

кестеге сәйкес аптасына алты күндік жұмыспен, жүргізіледі. Қалған уақыт оқу материалын өз бетімен оқуға арналады. Емтихандық сессиялар оқу жоспарына сәйкес жасалып, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.Студенттің оқу әрекетін бағалау кезінде, аралық аттестаттаудың негізгі түрлері:

- емтихан;
- емтихан(біліктілік);
- сынақ;

Оқудан шығару туралы

Студентті шығарып тастауға болатын жағдайлар:

1. Академиялық үлгермеушілігі үшін;
2. Колледж ережелерін бұзғаны үшін (жүйелі түрде сабақты босатуы, оқу ақысын төлеу шартының талаптарын бұзу);
3. Өз қалауымен.

Сессияға шақыру – анықтамасын беру тәртібі

Егер студенттің шақыру анықтамасы болса, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 23 шілдедегі № 319-II заңына сәйкес, үлгерімі жақсы, жұмысты және оқуды бірге алып жүрген студенттерге, жұмыс берушілер орташа табысты сақтай отырып, қосымша демалыс беруі тиіс. Колледж директорының қолы қойылған шақыру анықтама беріледі немесе жіберіледі және кәсіпорынның әкімшілігі үшін (мекеме) міндетті күші бар.

Емтиханға қатысу үшін сырттай оқу бөлімінде оқитын студенттерге анықтама беру - қатаң есепке алынуы тиіс. Анықтама – шақыру оқу және емтихан сессиясы басталғанға дейін беріледі.

Қорытынды аттестациялау туралы

Білім беру бағдарламасы міндетті болып табылатын қорытынды аттестациямен аяқталады. Оқу жоспарын толығымен орындаған және

акедемиялық қарызы жоқ студенттерге қорытынды аттастациялаудан өтуге рұқсат беріледі. Қорытынды аттестациялау бойынша комиссия отырысының шешімімен біліктілікке колледждің дипломы беріледі.

Сырттай бөлімнің меңгерушісі: Джолдыбаева Р.Х.